

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдеріндегі қаржы басқарушысының қызметін мемлекеттік бақылау саласында тексеру парағын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 28 ақпандағы № 224 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 28 ақпандағы № 28 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 1 наурызда № 31986 болып тіркелді

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабы 1-тармағына, "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағына, сондай-ақ "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдеріндегі қаржы басқарушысының қызметін мемлекеттік бақылау саласында тексеру парағы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі Премьер-Министрінің орынбасары -

_____ *А. Куантыров Қаржы министрі*

_____ *Е. Жамаубаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 28 ақпандағы
№ 28 мен
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрінің
2023 жылғы 28 ақпандағы
№ 224 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдеріндегі қаржы басқарушысының қызметін мемлекеттік бақылау саласында тексеру парағы

Қаржы басқарушысына қатысты
Тексеру тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеру тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Бақылау субъектісінің тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.) (ол болған кезде)

Бақылау субъектісінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____

Орналасқан жерінің мекенжайы: _____

Бақылау объектісінің Т.А.Ә (ол болған кезде) _____

Бақылау объектісінің ЖСН _____

Бақылау объектісінің тұрғылықты жерінің мекенжайы: _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
	Уәкілетті органға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық		

1	рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы қазақ және орыс тілдеріндегі хабарландыруды және интернет-ресурста орналастыру үшін кредиторлар талаптарын мәлімдеу тәртібін оны тағайындаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жіберу		
2	Кредиторлар талаптарының тізілімін интернет-ресурста орналастыру үшін борышкерге кредиторлар талаптарын мәлімдеу мерзім аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жіберу		
3	Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 1 (бір) ай ішінде Үлгілік жоспардың нысаны негізінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын әзірлеу		
4	Төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарын жасау және оны сотқа, сондай-ақ кредиторлардың ұсыныстары мен ескертулерін ұсыну мерзім өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторларға жіберу		
	Борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтерді жинауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша қорытынды		

5	<p>жасау және оны сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде сотқа ұсыну</p>		
6	<p>Кредиторға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттығы рәсіміне қатысты ақпаратты, сондай-ақ борышкердің қаржылық жағдайы, оның мүлкі және оның сұрау салуы негізінде міндеттемелері туралы анық ақпаратты жіберу</p>		
7	<p>Сот арқылы банкроттығы рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде борышкердің мүлктік массасын сату жоспарының жобасын жасау</p>		
8	<p>Талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторларға борышкердің мүлктік массасын сату жоспарының жобасын қарау үшін жолдау</p>		
9	<p>Борышкердің мүлктік массасын сатудың түпкілікті жоспарын жасау және оны сату жоспарының жобасына кредиторлардың ұсыныстары мен ескертулерін ұсыну мерзім өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторларға мәлімет үшін жіберу</p>		

10	Кепіл кредиторына түгендеу актісі жасалғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде кепілге салынған мүлікті заттай қабылдау туралы ұсынысты жолдау		
11	Кепілге салынған мүлікті бағалауға және ұстап тұруға байланысты шығыстар өтелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кепіл кредиторына оның талаптарын қанағаттандыру есебінде кепілге салынған мүлікті беру		
12	Бағалау туралы есепті бағалаушы ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде борышкер мен кредиторға жолдау		
13	Қорытынды есепті және белгіленген нысан бойынша банкроттың міндеттемелерін тоқтату үшін негіздердің болуы немесе болмауы туралы қорытынды жасау және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 6 (алты) айдан аспайтын мерзімде сотқа жіберу		
14	Кредитор мәлімдеген талап келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кредитордың талабын негізді (негізсіз) деп тану және танылған талапты кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізу туралы шешім қабылдау		
15	Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттығы рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы ұйғарым		

	шығарған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде борышкердің мүлкіне түгендеу жүргізу		
16	Бағалаушыны тарта отырып, борышкердің мүлкіне бағалау жүргізу		
17	Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер болған кезде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалғанға дейін 3 (үш) жыл ішінде борышкер немесе ол уәкілеттік берген адам жасаған мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы өтінішпен, осындай мәмілелер анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сотқа жүгіну		
18	Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезінде кезектілікті сақтау		
19	Кредиторлармен есеп айырысу кезінде борышкердің мүлдік массасын сатудан түскен ақшасын, сондай-ақ "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 98-бабына сәйкес өндіріп алуға болмайтын кірістерді қоспағанда, борышкердің кірістерін пайдалану		
20	Сату жоспарына сәйкес борышкердің мүлдік массасын сатуды жүзеге асыру		

Уәкілетті органның лауазымды адамы (адамдары):

(лауазымы) (қолы)

(Т.А.Ә.) (ол болған кезде)

Тексеру парағын алуы туралы белгі

Қаржы басқарушысы:

(Т.А.Ә.) (ол болған кезде) (қолы)

Күні 20_ жылғы " ____ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК